



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р.Т. Емелбаев

2023 ж.

**«Музыка теориясы» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «02150200 - Музыка теориясы» мамандығы «Музыкатанушы, балалар музыка мектебінің оқытушысы» біліктіліктілігіне арналған «Музыка теориясы» пәні бойынша педагогтерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Музыкалық дыбыстарының қасиеттері	01	Музыкалық дыбыс. Музыкалық құрылым. Табиғи дыбыс қатары. Диапазон және регистрлер. Біркелкі-темперацияланған құрылым. Камертон
02	Музыканы нотаға түсіру	02	Еуропалық нотация тарихынан қысқаша мәліметтер. Ноталық жазба жүйесі. Кілттер. Қазіргі нотация
03	Ырғақ. Өлшем. Топтастыру	03	Ұзақтықтар. Ырғағына қарай бөлу. Метр. Өлшем
		04	Полиметрия. Синкопа. Аспаптық және вокалдық топтастыру
04	Интервалдар. Ладтағы интервалдар	05	Әуендік және гармониялық интервалдар. Сатылы және тондық шама. Консонанстар және диссонанстар. Қарапайым және құрамдас интервалдар. Интервалдар айналымы
		06	Мажор және минор (табиғи, гармониялық және әуендік) сатыларындағы интервалдар. Интервалдардың шешілімі
05	Аккордтар. Ладтағы аккордтар	07	Үндестік. Аккорд. Аккордтардың түрлері. Үшдыбыстылықтар. Септаккордтар
		08	Мажор мен минор (натуралды, гармониялық және әуендік) сатыларындағы аккордтар. Негізгі және жанама үшдыбыстылықтар, септаккордтар
06	Лад және тональдік	09	Ладтың жалпы түсінігі. Дыбыс қатары. Диатоника. Монодиялық саздар. Гармониялық жүйенің мажор-минорлы ладтары. Мажор мен минор лад сатыларының функционалдық қатынастары. Минор мен мажордың түрлері. Тональдік
		10	Параллель, аттас, бір терциялық тональдіктер
07	Ладтық альтерация. Хроматизм	11	Альтерация ұғымы. Альтерация түрлері. Саздық альтерация, хроматизм. Хроматикалық интервалдар
		12	Энгармонизм және оның түрлері. Интервалдар

			энгармонизмі. Аккордтар энгармонизмі
08	Модуляция. Тональдіктер туыстығы. Хроматикалық гамма.	13	Модуляция түрлері. Ауытқулар. Модуляциялық альтерация. Тональдіктер туыстығы. Туыстықтың бірінші дәрежесі
		14	Мажор мен минордағы хроматикалық гамма
09	Әуен. Мелизмдер	15	Әуен. Интонациялық даму принциптері. Шарықтау шегі. Секвенция. Мелизмдер, олардың түрлері
10	Музыкалық жүйе және фактура	16	Монодиялық (бірдауысты) және көпдауысты (полифониялық және гармониялық) жүйе. Моножелілік, полифониялық, аккордты және гомофонды фактура
Контекстік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статикалық деректер, сурет және т.б.).			

4. Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:

Музыкалық дыбыстарының қасиеттері. Музыкалық құрылым. Табиғи дыбыс қатары. Диапазон және регистрлер. Біркелкі-темперацияланған құрылым.

Музыканынотаға түсіру. Әріп пен буын арқылы дыбыстарды белгілеу. Ноталық жазба жүйесі. Кілттер. Қазіргі нотация.

Ырғақ. Өлшем. Топтастыру. Ұзақтықтар. Ырғағына қарай бөлу. Метр. Өлшем. Полиметрия. Синкопа. Берілген ырғақтық сурет бойынша жанрына нықтау. Аспаптық және вокалдык топтастыру.

Интервалдар. Саздағы интервалдар. Консонанстар және диссонанстар. Қарапайым және құрамдас интервалдар. Интервалдар айналымы. Мажор және минор (табиғи, гармониялық және әуендік) сатыларындағы интервалдар. Интервалдар (түрін, көлемін, шешілімін), қатардағы интервалдарды анықтау.

Аккордтар. Саздағы аккордтар. Аккордтардың түрлері. Үшдыбыстылықтар. Септаккордтар. Мажор мен минор (табиғи, гармоникалық және әуендік) сатыларындағы аккордтар. Негізгі және жанама үшдыбыстылықтар, септаккордтар. Аккорд (оның түрін, құрылымын, тондарын), қатардағы аккордтарды анықтау. Берілген дыбыстан немесе берілген тональдікте аккордтарды құру.

Лад және тональдік. Диатоника. Монодиялық саздар. Гармониялық жүйенің мажор-минорлы саздары. Мажор мен минор ладтар сатыларының функционалдык қатынастары. Минор мен мажордың түрлері. Тональдіктерді, музыкалық үзіндінің саз құрылымын анықтау. Әр түрлі ладтардың дыбысқатарын құру. Параллель, аттас және біртерциялық тональдіктерді табу.

Модуляция. Тональдіктер туыстығы. Хроматикалық гамма. Модуляция түрлері. Ауытқулар. Модуляциялық альтерация. Тональдіктер туыстығы. Туыстықтың бірінші дәрежесі. Мажор мен минордағы хроматикалық гамманы құру. Модуляцияларды табу.

Әуен. Мелизмдер. Интонациялық даму принциптері. Шарықтау шегі. Секвенция. Мелизмдер, оның түрлері. Секвенция буындарының түрлері мен санын анықтау.

Музыкалық жүйе және фактура. Монодиялық (бірдауысты) және көпдауысты жүйе (полифониялық және гармониялық). Моножелілік, полифониялық, аккордты және гомофонды фактураны анықтау.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Алексеев Б., Мясоєдов А. Элементарная теория музыки. – М., 1986.
2. Бершадская Т. Теория музыки. – СПб., 2004.
3. Вахромеев В. А. Элементарная теория музыки. – М., 2002.
4. Способин И.В. Элементарная теория музыки. – М., 1979.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті


(қолы)

(Т.А.Ә)

«___» _____ 2023 ж.

 





